Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Боранкұл» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

# Қызғалдақ

(Ашық оқу қызметі)

Дайындаған: Пән жетекшісі Бекесова. А

**2022ж**

Scanned with ACE Scanner

Қимасбаева Ақмарал

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Тобы:** «Балдырған»

**Күні:** 08.04.2022ж

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** «Қызғалдақ»

**Мақсаты:**Балаларға көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

**Сөздік жұмыс:**«Қызғалдақ»

**Қажетті құрал жабдықтар:** Ақ парақ, гуаш, бір реттік шанышқы, қылқалам, сулық.

**Білімділік** Көктем мезгіліндешығатын гүлдің ерекшелігін үйрету.

**Дамытушылық** Сурет салуға деген қызығушылықтарын, ой-қиялын дамыту.

**Тәрбиелік** Өз жұмысының нәтижесіне қарауғақызығушылықпен және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер: Түрлі-түсті қағаздан жасалған қызғалдақ гүлдері ойынға қажетті суреттер қызғалдақ гүлінің суреті интерактивті тақта.**

| Әрекет кезеңдері | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | **Шаттық шеңбері:**<br>Балалар тәрбиешімен бірге шеңбер жасап тұрады.сәлемдеседі.<br>Шөліркемей гүл тұрсын (сол қолымен жайып көтереді)<br>Жерім жайнап құлпырсын (оң қолын жайып көтереді)<br>Нұрын сыйлап біздерге (екі қолын жоғары көтереді)<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын! (екі қолын төбесіне көтереді)<br>Сәлеметсіздерме!- деп сәлемдесіп аламыз.<br>**Жұмбақ:**<br>Ақ қар еріп, су көбейіп,<br>Сай-салаға толады.<br>Ағаш басы, бүршік атып<br>Гүл бәйшешек толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім.<br>Бұл қай кезде болады? | Балалар шеңбер жасап қонақтармен амандасады.<br><br>Көктем |
| Ұйымдастырушылық -ізденістік | **Кіріспе әңгіме**<br><br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Көктем мезгілінің айларын атайықшы?<br>-Балалар сендер көктемде ең алғаш өсетін гүлдерді білесіңдерме?<br>-Балалар гүлдер қайда өседі?<br>-Балалар сендер гүлдер әлеміне саяхатқа шыққыларың келема?<br>-Ендеше саяхатқа шығайық (баяу әуен қосылады) | -көктем<br>-үш ай<br>-наурыз, сәуір,мамыр<br>-бәйшешек |

Scanned with ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Ғажайып сәт:**<br>Алдарынан гүл ханшайымы шығады<br>Гүл ханшайымы.<br>-Сәлеметсіздерме балалар?<br>-Мен гүл ханшайымымын,мен гүлден жаралғанмын.<br>-Балалар сендер менің гүлдерімді көруге келдіңдер ме?<br>-Сендер, менің тапсырмамды орындасаңдар ғана мен гүлдерімді көрсетемін.<br>**1-тапсырма:**<br>**Жұмбақ.**<br>Құлпырса,қадірлейді аялайды,<br>Қураса сыпырғышқа жарамайды.<br>-Бұл не?<br>**2-тапсырма:**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>Гүлзарлардың гүлдерін, түстерімен орналастыр.<br>**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету, топтастыру қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:**Балаларға түрлі түсті гүлдердің суреті беріледі, ол гүлдерді бос тұрған гүлзарларға түстерімен топтастырады.<br>**3-тапсырма:**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>Әр-түрлі пішіндерден гүл құрастыр<br>**Мақсаты:**Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету,есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын шарты:**Балалардың алдына түрлі-түсті әр түрлі пішіндер беріледі.Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген гүлдерді құрастырады.Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.<br><br>**Гүл ханшайымы**<br>Балалар,сендер менің тапсырмамды орындап,маған көмектестіңдер сендерге көп рахмет.Енді менің гүлдерімді көруге болады.<br>Балалар гүлдермен танысып тамашалайды.<br>Гүл ханшайымымен қоштасып топтарына қайтады. | -сәлеметсізба гүл ханшайымы<br><br>-иә, гүлдерді көруге келдік<br><br>-орындаймыз<br><br>-гүл<br><br>Гүлдерді түстеріне қарай топтастырып гүлзарларға орналастырады<br><br>Әр-түрлі пішіндерден гүл құрастырады<br><br>Гүлдермен танысып,тамашалайды<br><br>Сау болыңыз,гүл |

Scanned with ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар.<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар.<br>Үп-үлкен боп өседі.<br><br>**Сурет салудың әдіс тәсілі:**<br>Бір реттік шанышқыны бояуға малып, дайын тұрған сабақтардың үстіне бастыру әдісімен қызғалдақтың суретін салудың жолын көрсету, гүлдің сабақтарын бояу.<br><br>**Топтық жұмыс:** Көктем гүлі.<br>Мақсаты:Балаларға алақанмен сурет салу тәсілдерін үйрету, түрлі түсті қол жетімді құралдар арқылы бейнелеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, балаларға бағалаттырды.<br><br>Сабақты қорытындылау.<br>Балалар біз бүгінгі сабақта не туралы білдік?<br>Біз еңбек еттікпе?<br>Біз ненің суретін салдық? | ханшайымы<br><br>Балалар сергіп алады.<br><br>Көрсетілген үлгі бойынша.қызғалдақтың суретін салады<br><br>Топпен бірлесіп алақандарымен гүлдің суретін салады.<br><br>Балалар суреттерге қарап баға берді.<br><br>Балалар сұраққа жауап береді<br>Еңбек туралы білдік<br><br>Ия<br>Қызғалдақтың суретін салдық |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Педагог балаларға өте шебер екендіктерін және келешекте көптеген бейнелерді оңай сала алатындары жайлы айтып мадақтайды. | Балалар өз жұмыстарына риза болып, қызықтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Көктемде өсетін алғашқы гүлдерді.
**Игереді:** Вилкамен сурет салуды
**Меңгереді**: Түстерді ажыратуды.

Scanned with ACE Scanner





Scanned with ACE Scanner